

Педагогикалық кеңес отырысының ХАТТАМАСЫ №1

Откізiлу күні:31.08.2021

Уақыты:09:00

Откізiлу түрі: оффлайн

Қатысушылар-педагогикалық ұжым (тізім бойынша)

Кеңес төрағасы-Ж.О.Еспенбетов

Хатшы-Н.Т.Доланбоева

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

- 1.2020-2021 оқу жылының қорытындысын талдау, жаңа оқу жылына қойылатын мақсат міндеттермен танысу; Ж.О.Еспенбетов-мектеп директоры.
2. 2021-2022 оқу жылының жұмыс оқу жоспары, жылдық жұмыс жоспарларын бекіту; BILIM LAND\KUNDELİK KZ платформаларының сапалы білім алуға тиімділігі Ж.О.Еспенбетов-мектеп директоры. ДОДКО
3. 2020-2021 оқу жылындағы білім алушыларды қорытынды аттестаттаудың нәтижелеріне сараптама жасау. Г.Б.Сатымбекова-оқу-ісі жөніндегі орынбасары
4. Педагог қызметкерлердің педагогикалық жүктемесі мен жұмыс кестесін таныстыру, бекіту. Г.Б.Сатымбекова-оқу-ісі жөніндегі орынбасары
- 5..Мектепке білім алушыларды қабылдау, ауыстыру және білім алушылардың сабақ режимі, оқу жүктемесін бекіту. К.Т.Мусакулова-оқу-ісі жөніндегі орынбасары
- 6.Денсаулығына байланысты жеке үйден оқытылатын балалардың оқу жоспары, оқу бағдарламалары мен сабақ кестесін бекіту.т.б. жұмыстардың ұйымдастырылуы туралы Г.Б.Сатымбекова . К.Т.Мусакулова,-оқу-ісі жөніндегі орынбасары
- 7.Мұғалімдерді аттестациядан өткізу туралы\ директордың бейін ісі жөніндегі орынбасары А.Х Абдиразакова
- 8.ҰБТ,ОЖСБ ға дайындық жұмыстарын жүргізу туралы\ Г.Б.Сатымбекова-оқу-ісі жөніндегі орынбасары
- 9.«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбие жұмыстары туралы Н.А.Сейдалиева,Н.А.Арысланов-тәрбие жөніндегі орынбасарлары
10. «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы туралы Н.А.Сейдалиева,Н.А.Арысланов-тәрбие жөніндегі орынбасарлары

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Ж:О.Еспенбетов-мектеп директоры.

2021-2022 оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, қазіргі еліміздегі карантин жағдайына байланысты білім беру ұйымдарындағы болып жатқан өзгерістер туралы толық мәліметтер берді.

2021-2022 оқу жылының педагогикалық кеңес құрамын бекітуге ұсынды:

Төрағасы: Еспенбетов Жаксылық Омарұлы-мектеп директоры.

Мүшелері :

- 1.Сатымбекова Гульмира Баратбаевна-директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
- 2.Мусакулова Карима Тургуновна- директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
- 3.Абдиразакова Акжан Хасенхановна-директордың бейін ісі жөніндегі орынбасары.
- 4.Сейдалиева Нуржамал Амирсейтовна-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
- 5.Арысланов Нурали Абдирахимович- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
- 6.Қалжанов Тимур-әлеуметтік педагог.
- 7.Зиганчина Бақтыгүл-ата-аналар комитетінің төрайымы.

Хатшы:Доланбоева Наргиза Темировна

2020-2021 оқу жылының 1 және 2 тоқсанындағы білім берудегі қиыншылықтар туралы айта келіп, оқу жылын аяқтау бойынша оқу-тәрбие үдерісін қорытындылады. 2021-2022 оқу

жылда оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы бойынша мектебіміздің алға қойған мақсаты: кездескен іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оқу мен оқытуда кездескен қиындықтарды жойып, оқушылардың білім сапасын көтеру.
Міндеттері: - Мұғалімдерге әдістемелік қолдау мен көмек көрсету;
- Мектеп мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін жетілдіру үшін жағдай жасау және оқыту сапасын арттыру.

Былғы оқу жылында сабақта жаңа технология әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, жұмыс жүргізілуде. Мемлекеттік стандартта жоспарланған сабақ жоспары орындалуда. Былтырғы оқу жылындағы жіберілген кемшіліктер мен олқылықтарды жою, білім сапасын арттыру мақсатында іс-шаралар түзіліп жұмыс жүргізіліп жатыр.

2021-2022 оқу жылында жұмыс жасап жатқан мұғалімдер саны -137. Оның ішінде:

Мектеп директоры-1

Директордың оқу-тәрбие ісі бойынша орынбасары -3

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары -2

Бейін ісі жөніндегі орынбасары-1

Ұйымдастырушы педагог-1

Педагог-психолог-2

Әлеуметтік педагог-1

Тәлімгер-1

Кітапханашы-2

Жалпы кадр саны – 178

Мектеп директоры Ж.Еспенбетов осы оқу жылында білім беруде сапалы, әрі тиімді бірнеше платформаларды атап өтті және оны мұғалімдерге өз сабағында қолдануға ұсынды.

Bilimland.kz платформасындағы оқу материалының мазмұны Қазақстан Республикасының мемлекеттік міндетті білім беру стандартының талаптарына сай келеді. Bilimland.kz, iMekter.kz, Twig-Bilim.kz және iTest.kz платформалары ҚР БҒМ тарапынан білім беру ұйымдарында қолдану үшін ресми түрде ұсынылған білім беру ресурстарының тізіміне енген.

Заманауи білім беру құралы

OnlineMekter оқу бағдарламасын жан-жақты түсіндіру және оқу мақсаттарына жету, оқушылардың жеке оқу траекториясын жобалауға қажетті аналитикалық мәліметтер жинау сияқты мақсаттар үшін қолдануға болатын мұғалім жұмысындағы маңызды құралдардың бірі. Мұғалім сыныптағы оқу жағдайына байланысты оған дайын мазмұны бар қандай құрал немесе сабақ қажет екендігі туралы шешім қабылдайды.

OnlineMekter күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкес әр тақырыптың дайын кестесі мен оның мазмұнын ұсынады. Мұғалім алдын-ала дайындалған сабақтар мен практикалық тапсырмаларды қолдана алады және одан бөлек жаңадан өз сабағын да құрастырса да болады. Мұғалім қажетті БЖБ мен ТЖБ тапсырмаларын дайын базадан тандап алуына немесе өткен материалды және жаңытық бағалаудың ерекшеліктерін ескере отырып, өз тапсырмасын жасауына да болатынын айтып өтті.

Жылдан-жылға емес, күннен-күнге дамып жатқан озық технологиядан озу үшін адамзаттың өзі қалай даму керек? Қазір «көз көрмей, құлақ естімегеннің» емес, «айшылық алыс жерлерден, жылдам хабар алғызып, тастан сарай салғызатындардың» заманы. Елбасының «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек» деген сөзін басты назарға алып, елімізде «Цифрлы Қазақстан» жобасы қолға алынды. Осы «Цифрлы Қазақстан» жобасының аясында еліміздің барлық мектептерінде Kundelik.kz бағдарламасы іске қосылды. 2016 жылы жасалған Kundelik.kz жобасы 2018 жылдан бастап қолданысқа енгізілді. «11 жылда өзін-өзі ақтап шығады» деп сенім білдірген жобаның бас директоры Мұқтар Ілиясов инвесторлардың жаңа жоба жасағандары үшін мемлекеттен ешқандай ақша алмағандарын атап көрсетті. «Мұғалім – оқушы – ата-ана» пирамидалық құрылымы бойынша жұмыс жасайтын жобаның оңдылығы

Kundelik.kz сайты арқылы басқа мектеп оқушыларымен хабар алмасу, өз мектебінің тақырыптық үйірмелерін өздігінен жүргізу немесе оларға қатысу, сыныптың іс-шаралары мен жаңалықтарын талқылауда бәрі оңай атқарылады. Оқушы сайт арқылы барлық мағлұматты алады. Kundelik.kz сайтына ата-ана, оқушы да тегін пайдаланады. Әсіресе, ата-аналар үшін өте тиімді. Себебі, қазір 21 ғасырға байланысты ата-анамыз көбіне жұмыстан қолы тимей жатады. Мектепке баруға бос уақыты болмайды. Яғни, оқушының үлгерімін бір аптада өзгертеді деп ойлаймын. Ата-ана бұл сайтта баласының тәрбиесін, оқу үлгерімін, мұғалімдердің оқушыға

ыған ескертулерін қарай алады. Бұл сайттың басты мақсаты – ата-ана мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасты жақсарту. Бүгінгі таңда Kudelik.kz сайтынан мұғалімдер жақсы менгерді, күнделікті ФБ қою, КТЖ және үй жұмысын уақытылы толтыру мұғалімнің күнделікті міндеті екенін ескертіп өтті.

Сатымбекова Гүлмира Баратбаевна-директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Жалпы орта мектепті «Алтын белгі» “Үздік” аттестатқа және негізгі орта мектепті “Үздік” аттестатқа бітірген оқушылар көрсеткіші

Құжат түрі	2019	2020	2021
Жалпы орта мектепті «Алтын белгіге» бітіргені туралы аттестат	-	1	2
Жалпы орта мектепті үздікке бітіргені туралы аттестат	6	1	5
Негізгі мектепті үздікке бітіргені жайлы аттестат	7	4	9

ҰБТ бойынша үш жылдық көрсеткіш:

	«ҰБТ-2019»	«ҰБТ-2020»	«ҰБТ-2021»
жалпы	50	46	73
Қатысқаны	42	34	60
Жал. орта балл	64	67	72
100 асқан	2	1	5
Шектік жетпег	3	4	5
Алтын белгі	0	1	2
Үздік аттестат	6	1	5
Қазақ тілінен	13,8	15	17
Қазақстан тар.	13,7	14	16
Математикадан	9,5	10	12
Таңдау №1	23	24	26
Таңдау №2	26	28	29

2021-2022 оқу жылында мектебімізде оқытудың төменгі түрлері таңдап алынды.

1. «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығына 1-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 1-қосымшаға сәйкес мектепалды даярлық топтарына арналған үлгілік оқу жоспарымен жүргізіледі.
2. 1,2,3,4 сыныптар Республикасы ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығына 1-қосымшасы бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу жоспарымен оқытылады.
3. 1,2,3,4 сыныптар Республикасы ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығына 2-қосымшасы бекітілген оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарға бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу жоспарымен оқытылады.
4. 5,6,7,8,9 сыныптар Қазақстан Республикасы ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығына 6-қосымшасы бекітілген негізгі орта оқытудың үлгілік оқу жоспарымен оқытылады.
5. 10 а, 11а сыныптар Қазақстан Республикасы ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығымен қоғамдық-гуманитарлық 30-қосымшасындағы үлгілік оқу жоспарымен оқытылады.
6. 10а,10б, 11а,11б сыныптар Қазақстан Республикасы ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығында бекітілген қазақ тілінде жалпы білім беретін жаратылыстану-математика 31-қосымшасындағы үлгілік оқу жоспарымен оқытылады.

Мектеп акімшілігі және мектеп кәсіподақ ұйымымен ұжымдық шарт жасалған. Шартқа сәйкес мектеп мұғалімдерінің жалпы жүктемесі 16 ағт/сағ кем емес. Мектептің орташа айтылдық жүктемесі 17,7 ағт/сағ.

Мусакулова Карима Турдуовна- директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасына қарасты №2 психологиялық-медициналық – педагогикалық кеңес беру мекемесінің қорытындысын негізге ала отырып №1-қосымшаға сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үйде оқытылады.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар: Шәкрат Сәзім -2 сынып, Қуан Аружан -3 сынып, Султанбек Оразкул- 3 сынып, Қулыназар Алтынай-5 сынып, Амангелді Нұрсәт-5 сынып, Тұрсынқұлов Бахтияр-5 сынып, Қансейіт Мақсат-9 сынып, Тұрсынбек Әбдіра-9 сынып.

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығына 53-қосымшасын негізге алып оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарымен жоспары бекітіледі.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығына 9-қосымшасының 10,11 тарауын негізге алып ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың оқу жоспары бекітіледі.

3. Ерекше білім беруді қажет ететін жеңіл және орташа ақыл –ой кемістігі бар білім алушылармен ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысымен үйде оқытылатын А.Қулыназарға, Б.Тұрсынқұлға, Н.Амангелдіге, М.Қансейітке, Э.Тұрсынбекке сабақ беретін пән мұғалімдеріне БЛА-дан 40% қосымша ақы төленеді.

4. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға жалпы мектеп бағдарламасы бойынша жұмыс істейтін мұғалімдердің сағат жүктемесі №3-қосымшаға сәйкес жүктеледі.

5. Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 31.09.2021 жылғы №135-нқ бұйрығының №1-қосымшасына сәйкес әр тоқсан сайын ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар жайлы адами әлеуетті дамыту бөліміне мәлімет тапсырылады және мектептегі ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылармен жүргізілетін жұмыстар ұйымдастырылады.

Абдиразакова Ақжан Хасенхановна-директордың бейін ісі жөніндегі орынбасары. Қазіргі таңда мектепте 10 әдістеме бірлестігі жұмыс жасайды. ӘБ жетекшілерін бір ауыздан мұғалімдер дауыс беру арқылы төмендегі педагогтарды ӘБ жетекшісі етіп таңдап алды.

1. Л.Амантаева және С.Жандырбай – бастауыш пәндер ӘБ жетекшісі
2. Султанбекова Г. – математика пәндері ӘБ жетекшісі
3. Е.Сүйеркулова – тарих, география, құқық пәндері ӘБ жетекшісі
4. Б.Пернебаева – орыс тілі пәндері ӘБ жетекшісі
5. Муалова Қ. –технология, бейнелеу, музыка пәндері ӘБ жетекшісі
6. Г.Надан – химия, биология пәндері ӘБ жетекшісі
7. Г.Исмайлова –қазақ тілі және әдебиеті пәндері ӘБ жетекшісі
8. Д.Пирманова – ағылшын тілі пәндері ӘБ жетекшісі
9. А.Тұржанов-дене тәрбиесі пәндері ӘБ жетекшісі
10. Г.Агабекова –физика және информатика ӘБ жетекшісі

«Педагогтерге біліктілік санаттарын беру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020жылғы 11 мамырдағы №192 бұйрығын негізге ала отырып мектебімізде мынадай жұмыстар атқарылды. Өткен оқу жылындағы тестілеу мен портфолио жинақтау нәтижесінде төмендегідей нәтиже көрсетті.

Педагогке біліктілік санатын беру (растау) туралы куәлік педагог – модератор санаты бойынша 6 мұғалімге берілді:

1. Сауранова Шарипа Тасбалтаевна – музыка пәні мұғалімі
2. Аликулова Гулмира Мәлсіқызы – орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
3. Киркимов Жандос Турағалиевич – дене шынықтыру пәні мұғалімі
4. Алимов Талғат Адилевич – өзін – өзі тану пәні мұғалімі
5. Бегалиева Жадра Даулетовна – ағылшын тілі пәні мұғалімі
6. Тажиева Диляра Исакбаевна – бастауыш сынып мұғалімі

Педагогке біліктілік санатын беру (растау) туралы куәлік педагог – сарапшы санаты бойынша 6 мұғалімге берілді:

1. Айтбаев Нурбек Еркебекович – дене шынықтыру пәні мұғалімі
2. Сманова Кулжан Камшыбековна – технология пәні мұғалімі
3. Мырзабай Күләш Жақсылыққызы – бастауыш сынып мұғалімі
4. Акишева Гульмира Рахимбаевна – ағылшын тілі пәні мұғалімі
5. Муалова Гульжан Серикбаевна – математика пәні мұғалімі
6. Усманова Мадина Бегалиевна – биология пәні мұғалімі

Педагогке біліктілік санатын беру (растау) туралы куәлік педагог – зерттеуші санаты бойынша 3 мұғалімге берілді:

1. Султанов Сейткарим Арыстанович – дене шынықтыру пәні мұғалімі
2. Туржанов Алтынбек Туреханович – дене шынықтыру пәні мұғалімі
3. Бөрібекова Маржан Тұңғышбекқызы – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

2021– 2022 жаңа оқу жылының тамыз айында мына төмендегі мұғалімдер аттестаттауға өтініш берді:

1. Истаева Айсулу Нурбековна - Математика пәні мұғалімі, педагог-модератор санатқа
2. Султанова Жаннат Дүйсембекқызы - Бастауыш сынып мұғалімі педагог-модератор санатқа
3. Ақпанов Исағалы Кусанбаевич – Технология пәні мұғалімі педагог-модератор санатқа
4. Омарова Жаннат Жақсылыққызы - Өзін – өзі тану пәні мұғалімі педагог-модератор санатқа
5. Сарсенбаева Толғанай Гаухарқызы - Бастауыш сынып мұғалімі педагог-модератор санатқа
6. Сейдалиева Нуржамал Амиралиевна - Химия пәні мұғалімі педагог-сарапшы санатқа
7. Абишев Анвар Бахтиярұлы - Құқық пәні мұғалімі педагог-сарапшы санатқа
8. Мархабаева Нурсулу Абдрахмановна - информатика пәні мұғалімі педагог-модератор санатқа
9. Арысланов Ергали Абдирахимович – дене шынықтыру пәні мұғалімі педагог – зерттеуші
10. Бекбулатова Балғын - ағылшын тілі пәні мұғалімі педагог – сарапшы

Келесі мәселе ОЖСБ және ҰБТға дайындық жұмыстарын жүргізу туралы

1. 2021-2022 оқу жылында 9а,з,б, сыныптарын ОЖСБ-ға дайындау мақсатында 9- сыныптарды ОЖСБ сынақтарын тапсыруға дайындау жұмыстары жоспарлы түрде жүргізіледі және ұйымдастыру комиссиясы құрылады. ОЖСБ сынақтарына дайындауды ұйымдастыру комиссиясы төмендегіше белгіленсін:

Комиссия төрағасы: Ж.Еспібетов Хатшысы: Ұ.Аманова Мүшелері: А.Абдиразақова Н.Сейдалиева А.Одилов Ұ.Аманова М.Бөрібекова

Сейдалиева Нуржамал Амирсейтовна-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. 2021-2022 оқу жылында тәрбие жұмысы бойынша төменде аталып өтетін 8 бағыт бойынша нақты жұмыс жасайтынымызды «Рухани жаңғыру» бағдарламасының әр бағыты қоғамдық сананы жаңғыртудың барлық негізгі бағыттарын ескере отырып жүзеге асырылатынын айтты.

XXI ғасырға лайықты тәрбиенің сапалық негізгі хабарламалары: «Рухани жаңғыру» Тәрбиенің негізгі мазмұнын жанартудың басым бағыттары «Рухани жаңғыру» бағдарламасының әр бағыты қоғамдық сананы жаңғыртудың барлық негізгі бағыттарын

отырып жүзеге асырылады. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу. Мақсаты: патриот пен азаматтың Отанға ұтымды және эмоционалды қатынасы, мемлекеттің және қоғамның заңдарын ұғыну мен сақтау, саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұру, баланың және жасөспірім ортасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын ұлтжанды азамат қалыптастыру. **Рухани-танымдық тәрбие.** Мақсаты: адамның рухани, моральдық-этикалық құрыптарына сәйкес келетін рухани-адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын жандандыру туралы «Рухани жаңғырудың» құндылық негіздерін терең түсінуді қалыптастыру. **Ұлттық тәрбие.** Мақсаты: тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, туган және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, этносына және Қазақстан Республикасындағы этникалық топтарға құрмет көрсету. **Отбасылық тәрбие.** Мақсаты: ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық біліктілігін көтеру және балаларды тәрбиелеу бойынша жауапкершіліктерін арттыру. **Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.** Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға, адамның экономикалық ой-өрісін және экологиялық мәдениетін дамытуға деген саналы қатынасты қалыптастыру. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында аталған бағытқа сәйкесінше «Саналы азамат» базалық бағытты қарастыру керек. **Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.** Мақсаты: жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның тәрбиеге дайындығын дамыту, менгеру, өнердегі эстетикалық нысандардың бағасы, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті ортаны құру. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде аталған бағытқа сәйкес «Қазіргі кездегі қазақ мәдениеті» атты арнайы жобасында қарастыру. **Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.** Мақсаты: әр адамның интеллектуалды мүмкіндіктерін, қоспасшылық қабілеті мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетінің дамуын қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қоғамдық санасын жаңғыртудың барлық негізгі бағыттарын ескере отырып жүзеге асырылады. **Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.** Мақсаты: салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу үшін кеңістік құру.

Сонымен, Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы векторы үйлесімді, жан-жақты дамыған, жоғары рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жағдайында өз бетінше шешім қабылдауға дайын, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық өзара іс-әрекет етуге қабілетті, ел тағдыры үшін жауапкершілік сезіміне ие адамды қалыптастыруға бағытталған.

Арысланов Нурали Абдирахимович - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. Әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасы балаларына қолдау көрсету мақсатында дәстүрге айналған «Мектепке жол» республикалық акциясы биыл «Балаларға бірге көмек берейік!» атты айдармен өткізілуде. Акция еліміздің барлық өңірлерінде ағымдағы жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйек аралығында өтіп жатыр. Акцияның мақсаты: жаңа оқу жылына дайындық уақытында аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету; баланың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алу; жетім балаларға, ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, көп балалы, тұрмыс жағдайы төмен отбасыларына нақты көмек көрсету болып №28 Абылай хан атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің жомарт ұстаздары демеушілік көрсеткен көмектері үшін мектеп әкімшілігі шекіз алғыс білдіреді. Мектебімізде көмекке мұқтаж 200-ге жуық оқушы бар. Қазіргі таңда жомарт ұстаздардың арқасында осы оқушыларға түрлі көмек беріліп жатыр. «Мектепке жол» республикалық акциясына өз үлесін қосамын дейтін ұстаздар болса мектеп әкімшілігіне хабарласуыңызды сұраймыз. Садақа – мейірімділік пен ізгілік белгісі болып табылады. «№28 Абылай хан атындағы жалпы орта білім беретін

ҚАУЛЫ:

1. 2021-2022 оқу жылында педагогикалық кеңес құрамы бекітілсін.
2. 2021-2022 оқу жылының оқу – тәрбие процесін ұйымдастыруда тиісті нормативтік-құқықтық құжаттар басшылыққа алынып, мектептің оқу жұмыс жоспары және жылдық жұмыс жоспары, тәрбие жұмыс жоспары бекітілсін.
3. 2021-2022 оқу жылы 1-11 сыныптар аралығында - 1317, мектеп алды даярлық топтарында - 90 оқушылар контингенті, 1-4 сынып аралығында - 29, 5-11 аралығында - 28, мектеп алды даярлық сыныптары - 4, барлығы 61 класс комплектілері бекітілсін.
4. 2021-2022 оқу жылындағы сабақ кестелері және оқу жұмыс жоспарындағы вариативтік, элективтік курстар, қолданбалы курстардың сабақ кестелері бекітілсін.
5. 2021-2022 оқу жылына күнтізбелік - тақырыптық жоспарлар, таңдау элективті курстардың бағдарламалары бекітілсін.
6. Мектепке білім алушыларды қабылдау, ауыстыруда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімінің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» басшылыққа алынсын.
7. 2021 – 2022 жаңа оқу жылының тамыз айында аттестаттауға өтініш берген мұғалімдердің іс-құжаттары қаралып, аудан білім бөлімінің аттестаттау комиссиясына ұсынылсын.
8. ҰБТ, ОЖСБға дайындық жұмыстары жүргізілсін.
9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығына 53-қосымшасын негізге алып оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарымен жоспары бекітілсін.
10. 2020-2021 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысын жүргізуде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері жұмыстары жалғастырылсын.



[Handwritten signature]

Ж.О.Еспенбетов
Н.Т. Дөлімбаева